

средств, что в итоге приведет к тотальным потерям. Кадетская партия выступает против национальной автономии. Мы, алашский народ, хотим этого всем сердцем. Из истории французов, русских и других: если мулла получает деньги от правительства, он продажный. Мулла, получающий жалование, зависим от правительства, и если мы хотим процветания народа, следует отделить церковь от государства. Кадетская партия имеет другое мнение на этот счет. Разветвление путей в этом году стало явным. Итак, я попытался открыть партию «Алаш» [4].

Создание партии «Алаш» осенью совпало с заседанием всероссийских парламентских выборов. Газета «Кзах» в своей главной статье дала название партии «Алаш».

Региональные отделения партии начали свою работу в октябре. Они были открыты в Семипалатинске, Омске, Тургае и к 10 ноября уже открыты в Оренбурге.

За неделю до запланированного в Оренбурге Второго казахстанского Конгресса в Петрограде прошла Октябрьская революция, и власть перешла к советским большевикам. Революция, которая произошла в столице России, не повлияла на собрание элиты на сессии.

Многие представители казахстанской элиты признали Октябрьскую революцию незаконным актом и выступили против нее.

Казахстанские лидеры либерально-демократического движения А. Букейханов, А. Байтурсинов, М. Дулатов, Е. Гумаров, Е. Турмухаметов, Г. Жундибаев, Г. Биримжанов до революции уже подготовили программу экономического и социального развития Казахстана. 21 ноября в газете «Қзақстан» она была опубликована и содержала 10 статей о государственности, местной свободе, основополагающем праве, месте религии и силе суда, защите народа, налогах, труде, науке и обучении, земельном вопросе [5].

Подводя итоги, хотелось бы отметить, что партия «Алаш» в 1917 году в тяжелые времена, пыталась решить ряд наиважнейших национальных проблем и сыграла большую роль во втором казахстанском Конгрессе, где было объявлено создание национального государства Алашской автономии.

По результатам работы, партия «Алаш» сильно растет в глазах населения, и в ноябре 1917 года на выборах в Национальное собрание депутатов, казахская интеллигенция записывалась и выступала от имени партии «Алаш», но тяжелое положение в стране в начале 1918 года не позволило партии «Алаш» превратиться в мощную политическую силу.

Список литературы

1. Nazarabaev, N. On the waves of history. - Almaty, 1999. – p. 172-173.
2. «Kazakh». – 1917, March 9.
3. The history of Kazakhstan. Essays. – Almaty, 1994. – 305 p.
4. «Kazakh». – 1917. – № 256.
5. «Kazakh». – 1917, November 21.

Тастекова, Г.Б.,

Қазақстан тарихы кафедрасының аға оқытушысы, тарих магистрі,

Елкей, Н.Н.,

Қазақстан тарихы кафедрасының аға оқытушысы, тарих магистрі,

ҚМПИ, Қостанай қ., Қазақстан

ҚАЗАҚ АКСР ҚҰРАМЫНА ҚАЗАҚ ЖЕРЛЕРІН БІРІКТІРУДЕГІ АЛАШ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНІҢ РӨЛІ

Қазан революциясы еліміздің барлық халықтарына өздерінің ұлттық мемлекеттерін құруға жол ашып берді. Заман талабы қазақ халқының да ұлттық кеңес мемлекеттігін құруды қажет етті. Соларды іске асыру негізінде халықтың бұрынғы территориялық тұтастығын қалпына келтіру жөніндегі аса маңызды мәселе шешілді: патша өкіметінің қазақтарды ұлттық мемлекеттігінен айырып, қазақ өлкесін бірқатар әкімшілік-территориялық бөліктерге

бөліп тастаған отаршылдық саясатының зардаптарын жою керек болатын. Бұл орайда ең алдымен қазақ халқының қазақ жерлерін бір республикаға біріктіру талабы ескерілді [1, 198 б.].

Территория мәселесінің ленинше қойылуын жұрттың бәрі түсіне қойған жоқ. Кейбіреулер Қазақстанға Ақмола, Семей, Орал облыстарының қосылуына қарсы шықты, басқалары, керісінше, қазақ жерлерін ғана емес, сонымен қатар республика құрамына Омбы облысын, Орталық Азияның көп бөлігін, Барнаул уезін, Алтай өлкесін және т.б. қосуды да талап етті. Мәселені байсалды, ойластырып шешу керек болды. Ұлттардың этникалық, экономикалық, тарихи және басқа жағдайларын ескеру жергілікті органдардың пікірімен санасу қажет еді. Бұл орайда түрлі ұсыныстарды, әр алуан пікірлерді тыңдауға, көп нәрсені – әртүрлі жобалар мен пайымдауларды қорытып, ұлт мәселесі жөніндегі лениндік саясаттың рухы мен мазмұнына сай келетіндерін таңдап алуға тура келді.

Бүкілресейлік Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасы В.И. Ленин 1919 жылдың 10 шілдесінде «Қырғыз (Қазақ) өлкесін басқаратын төңкеріс комитеті туралы Уақытша ережеге» қол қояды [2, 264 б.]. Дала өлкесін басқару Қырревком қарамағына көшеді. Қырғыз әскери-революциялық комитеті жанынан арнаулы комиссия құрылып, болашақ республиканың шекарасын белгілеумен айналысты. Комитет мүшелігіне алғашында А. Байтұрсынов, Ә. Жанкелдин, Б. Қаратаев және т.б. енген болатын. Төңкеріс комитеті тамыз айының басында-ақ «күллі қазақ жерін бір автономияға біріктіру – кезек күттірмейтін тарихи міндет...» деп жариялады [3, 13 б.].

1920 жылғы ақпан айында РКП(б) Орталық Комитеті Кеңестік Шығыс аудандарының партия комитеттеріне нұсқау хат жолдады. Онда былай делінген: «Мұсылман тайпаларын жеке кеңестік мемлекеттік құрамаға бөліп шығару туралы мәселеге де ешқандай кедергі жоқ, бұған Түркістан және Башқұрт республикалары мен Қырғыз ревкомының өмір сүріп отырғаны дәлел болады».

1919 жылы 27 тамызда Бүкілресей Орталық Атқару Комитеті (БОАК) Сібір өлкесін басқару үшін Сібір төңкеріс комитетін құрып, оның әкімшілік орталығына Омбы қаласын белгілейді. Оның құрамына Орал тауынан сонау Қиыр Шығысқа дейінгі шалқар аймақ енді. 1868 жылғы реформа бойынша ресми құжаттарда «Сібір қырғыздары» аталатын Орта жүз қазақтары қоныстанып отырған Сарыарқа атырабы, атап айтқанда, бұрынғы Торғай облысына қарасты Қостанай уезі түгелдей сол кезде құрылған Челябин губерниясына, ал Ақмола облысы Омбы губерниясы атанып, оның құрамына осы облыстан Көкшетау, Атбасар, Петропавл және Омбы уездері тиеді. Павлодар, Қарқаралы, Аягөз, Зайсан және Өскемен уездерін біріктіріп отырған Семей облысы да Сібревкомның құзырына көшеді. Осылайша Сібревкомның құрамына өткен ұлан-ғайыр қазақ жерлерінде 1916 жылғы жүргізілген санақ бойынша саны бір жарым миллионнан асатын қазақ Қырревком билігінен тысқары қалып қойды [5, 57 б.].

Бүкілодақтық Атқару комитеті Уақытша ереже қабылданғаннан кейін бір-екі ай аралығында қазақ даласының теріскейі мен шығысын қамтитын ұлан-байтақ бөлігіне билік ететін тең құқылы екі ревком құрады. Осы қазақ халқының тағдырында маңызды саяси оқиғаға зер салсақ, Мәскеудің сол бір кереғар қарармен екеуін бір-біріне қарсы қойып, дау-шарға түсуін өздері қолдан жасағанын аңдау қиын емес. Нәтижесінде, қаймағы бұзылмаған халық екіге жарылып, бір-бірімен айтыс-тартысқа түсті. Аймақ жерлерінің Сібревкомның қарамағына өтуіне наразылық білдірген қазақ зиялылары қуғынға ұшырап, зардап шекті. Бірақ қазақ зиялылары қанша қарсылық көрсетсе де, нәтиже шықпады. 1920 жылы 4 тамызда «Сібірді аудандарға бөлу» деп аталатын қаулы шықты. 10 облысы Омбы уезіне қаратылады. Сонымен қатар, осы қаулыға сәйкес Павлодар уезіне қарасты 12 тұзды көл – Қарабас, Жақсытұз, Шақшантұз, Үлкен Қалқаман, Кіші Қалқаман, Тайқоңыр, Бастұз, Қарасор, Вишневре, Үлкен және Кіші Табылжын, Коряков, Шарлақ және Ертіс аудандарын толық территориясымен Омбы уезінің еншісіне өтіп, Павлодар қаласының төңірегіндегі елді мекендер мен тұз өндірілетін көлдері мен ормандарымен қоса Славгород уезіне қосылды. Осы бөлініс бойынша Сібір мен қазақ жерлерінің жаңа шекарасы Павлодар уезіндегі

Қандыкөлден басталып, Сарыкөл стансасы арқылы қазіргі Екібастұзды қамтып, соның оңтүстігінен 15 шақырым жердегі Әлгірей сорына дейінгі орасан зор аймақты қамтып, Ақсу болысын қоса отырып шығысқа қарай жүріп, ең аяғында Ертісті басып өтіп, Жәміш көлінен Славгородқа шықты.

1920 жылы 16 мамырда Қырғыз (Қазақ) әскери төңкеріс комитетінің Қазақ АКСР-і шекарасын анықтау туралы комиссиясын бекіту жөніндегі №128 қаулысы шықты. Бұл комиссияның құрамы Военревком тағайындаған үш адамнан құралды. Комиссия міндетіне тарихи, экономикалық және саяси жағынан Қазақ республикасына жататын жерлерді анықтау және Совнаркомға жасалатын баяндаманың жобасын әзірлеу, көрші губерниялармен даулы жерлерге қатысты қорытынды келісім жасау және шешу, ішкі аудандастырудың жобасын дайындау және т.б. мәселелер жүктелді [1, 266 б.].

1920 жылдың 24 тамыз күні В.И. Ленин қол қойған Қырғыз (Қазақ) АКСР-ін құру туралы Декрет жарияланды. Декрет қабылданғаннан кейін БОАК және Халық Комиссарлары Кеңесі декретті жүзеге асыру барысында №354 қаулы қабылдады. Қаулы бойынша Қазақ Автономиясының құрамына Семей, Ақмола, Торғай, Орал облыстары мен Закаспий облысының Маңғышлақ уезі, Астрахань губерниясынан Синемор облысы, Бөкей ордасы және тағы біраз жерлер өткен болатын. Декретке Түркістан құрамындағы қазақ жерлерінің тағдыры ондағы халықтың қалауы бойынша шешілсін деген тарау енгізілді [6, 238 б.].

1920 жылы 4-12 қазан аралығында Орынбор қаласында Автономиялы Қырғыз (Қазақ) Кеңестік Социалистік Республикасының бірінші құрылтай съезі өтті. Съезге Қазақстанның барлық облыстарынан 273 делегат және Алтай губерниясынан қазақ елінің атынан 6 делегат қатысты. Съезді қырғыз революциялық комитетінің төрағасы В.А. Радус-Зенькович ашты. Съездің 12 қазандағы таңертенгі мәжілісінде Әлібеков әкімшілік комиссиясы шұғылданған басты мәселелерді баяндады. Бұл мәселелер:

1. АКСР территориясын анықтау;
2. Территорияға және одан тысқары жатқан, бірақ экономикалық жағынан байланысты жерлерді кіргізу;
3. Қырғыз (Қазақ) территориясының осы уақытқа дейін Сібір революциялық комитетінің қарауында болып келген аймақтарын қазақ орталық атқару комитетінің иелігіне көшіру мен қабылдаудың тәртібі мен мерзімін анықтау;
4. Көршілес республикалармен шекараны белгілеу;
5. ҚАКСР-дің ішкі әкімшілік бөлінуін қайта қарау;
6. Көшпелілерді басқару.

Солардың ішінде шекара мәселелері бойынша Қазақстанның құрамына 1920 жылы 26 тамыздағы РСФСР Бүкілресейлік Орталық Атқару комитетінің қаулысына сай ҚАКСР құрамына Орынбор губерниясы да еніп, оның маңындағы Покровский, Краснохолм, Илец, Шарлық, Исаев және Петровск аудандары қосылды, Орынбор қаласы Республикамыздың алғашқы астанасы болады. Осы қаулылардан кейін Қазақстанның сол кездегі шекарасының солтүстік-батыс өңірі анықталып, толық болмаса да, қазақ жерлерінің кейбір бөліктері еліміздің территориясына қайта қосылған болатын [2, 267 б.].

РКП(б) Орталық Комитеті мен Бүкілресейлік Орталық Атқару комитеті Қостанай уезі еңбекшілерінің өтінішін қолдады. Қостанай аймағын Қазақстан құрамына қосу қажет екендігін Кеңес үкіметі атына жолдаған жазбасында А. Байтұрсынов пен М. Сералин жан-жақты дәлелдеп берді. Бұл ұсыныс 1920 жылы 28 ақпанда Лениннің қатысуымен РКП(б) Орталық Комитетінде қаралып «жалпыкеңестік тәртіппен» шешу үшін Бүкілресейлік Орталық Атқару Комитетінің әкімшілік комиссиясына берілді.

Автономиялы Қырғыз (Қазақ) Кеңестік Социалистік Республикасы мен Сібрревком арасындағы шекараға байланысты даулы мәселе, ел басқарған азаматтары мен ұлт зиялыларының ерекше ұйымдастырылған іскерліктерінің арқасында Қазақстан пайдасына БОАК-тің 1922 жылы 26 қантарда қабылдаған «Кирреспубликаның шекарасы туралы» қаулысымен біржола шешіліп, ресейліктер таласып жүрген солтүстік-шығыстағы ұлан-

байтақ жерлер Қазақстан қарамағына толық біржола беріліп, қазақтың байырғы жерін біртұтас қалпында сақтап қалу ісі жүзеге асты.

Түркістанды ұлттық-территориялық межелеу мәселесі, БОАК-тің 1921 жылғы 11-сәуірдегі декретті қабылдағанға дейін-ақ көтерілген болатын. Межелерді жүргізуге үлкен дайындық жұмыстарын талап етті.

РКП(б)-ның XII съезінен кейін Орталық Азия республикаларының партия және кеңес органдары РКП(б) орталық комитетінен Орталық Азияда ұлттық-территориялық жағынан межелеуді жүргізу мәселесін шешуді, Қазақ АКСР-ның басшылығы Жетісу мен Сырдария облысының қазақ аудандарын республика құрамына қосуды сұрап, өтініш білдірді. Қазақ АКСР үкіметі 1924 жылы қантарда кеңестердің IV съезінде берген есебінде Жетісу мен Сырдария облысының қазақ аудандарын қосу туралы мәселе орталық партия органдарының алдында іс жүзінде қойылғандығы айтылса, Түркістан кеңестерінің XII съезінің делегаттары өздерінің сөйлеген сөздерінде межелеу жөніндегі мәселені тез арада шешу қажеттігін ерекше атап көрсетті [4, 57 б.].

1924 жылы 9 сәуірде РКП(б) орталық комитетінің саяси бюросы жергілікті ұйымдардың ұсыныстарын қарап, ұлттық мемлекеттік межелеудің жүргізілуін негізінен мақұлдап, Орталық Азияны ұлттық республикаларға бөлуге әзірлеу комиссиясын құрады.

1924 жылы 27 қазанда КСРО конституциясына сәйкес КСРО орталық атқару комитетінің екінші сессиясында Түркістан АКСР-ы құрамында автономиялы Тәжік кеңестік социалистік республикасы бар Өзбек кеңестік социалистік республикасына, Түрікмен кеңестік социалистік республикасына, РКФСР құрамына енетін Қарақырғыз автономиялы облысына бөлінетіндігі, ал Түркістанның қазақ бөлігінің РКФСР құрамына кіретін Қырғыз (Қазақ) автономиялы кеңестік социалистік республикасына қосылатындығы туралы қаулысы бекітілді. Ал қазақ-өзбек шекара мәселесіне келетін болсақ, екі елдің комиссия мүшелерінің көптеген талас-тартыс мәселелерінен кейін шекара анықталып, Қазақ КСР-ы мен Өзбек КСР-ы арасындағы шекара Ташкент және Мырзашөл уездері арқылы белгіленді. Ташкент Өзбек КСР-ның құрамына өтіп, оның астанасы аталды. Қазақстанға Қазалы, Ақмешіт, Түркістан, Шымкент және Әулиеата уезінің басым бөлігі, Самарқанд облысының Жизак уезінің алты көшпелі болысы, Жетісу облысының Алматы, Жаркент, Лепсі, Қапал уездері, Пішпек уезінің Георгиевка, Шу, Қара-Құныс болыстары қосылып, Қазақ АКСР-ның территориясы 700 мың шаршы шақырымға өсті. Жаңа құрылған автономиялы республикалар мен облыстар заң жүзінде бекітілді. Осы тұста отаршылдықтың сайқанына ұшырап, қазақтардың азайуына байланысты, бұл қазақ жері емес деген қиянатшыл озбырлық үстемдік алып, 104 мың шаршы шақырым жер, оның ішінде Орынбор өлкесі Ресей қарауына өтіп кетті. Орынбордың Ресейге өтуіне байланысты, астана Ақмешітке көшіп, онда 1925 жылы сәуірде республика кеңестерінің V съезі өтіп, қазақ халқының тарихи атауы қалпына келтірілді [2, 270 б.].

Әдебиет тізімі

1. Аманжолова, Д.А. Казахский автономизм и Россия. История движения Алаш. – Москва: АИРО-XX, 1994. – 94-216 бб.
2. Аманжолов, К.Р. Түркі халықтарының тарихы. 3-кітап. (XVIII ғ. екінші жартысынан XX ғ. бірінші ширегіне дейін). – Алматы: Білім, 2005. – 252-277 бб.
3. Байтұрсынов, А. Революция и киргизы. // Жизнь национальностей. – 1919. – 3 августа. – 13-16 бб.
4. Малышева, М.П. Национально-территориальное размежевание Сибири и Казахстана (1919-1922 жж.). – Семей, 1999. – 266 б.
5. Байтұрсынов, А. Революция и киргизы. // Жизнь национальностей. – 1919. – 3 августа. – 13-16 бб.
6. Бәйішев, Ж. Қазақстан мемлекеттілік кезеңдері. Конституциялық актілер. – Алматы: Жеті Жарғы, 1997. – 238-246 бб.